

Павлодар қаласының
«Жас дарын» мамандандырылған мектебі



Мектеп ережелері

Мектеп формасы



- -Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген;
- -Білім бері ұйымдарының басшыларына мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын бақылау жүктелген;
- -Мектеп ішіндегі оқушыларға қойылатын жалпы талап – ережелері.

Білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасы бойынша нормалар орындалмаған жағдайда ата-аналарға және басқа да заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік шаралар қабылдау ТӘРТІБІ



I. Ата-аналар және өзге де заңды өкілдері міндетті:

-білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;
-білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 49 - бабы «Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері»).

II. Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ) 409-бап. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын бұзу



III. Білім беру саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 84, 409 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 464 (бірінші бөлігінде)- баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Оқушылардың сыртқы келбеті



- 1.Міндетті түрде таза, ұқыпты, жинақы жүру қажет.
- 2.Күзгі, қысқы, көктемгі уақытта ауыстыратын аяқ киімдерінің болуы шарт.
- 3.Ұлдар ақ көйлек, галстук, оюланған көгілдір жилет, мектеп эмблемасы тігілген қара көк костюм; қыздар ақ блузка, галстук, оюланған көгілдір жилет, қара көк юбка, мектеп эмблемасы тігілген қара көк костюм, суық күндері классикалық үлгідегі шалбар. **(Мектеп талабына сай емес киім киюге қатаң тыйым салынады)**
- 4.Дене шынықтыру сабағында ақ футболка (ешқандай суретсіз, жазусыз) киулері шарт.
- 5.5-6- сынып қыздары ақ бантик тағып, қалған сынып қыздары шаштарын өріп жүруі тиіс, шашы қысқа болған жағдайда ұқыпты, жинақы ұстауы керек (шашты босатып жіберіп жүруге болмайды, бетіне бояу қолдануға тыйым салынады)
- 6.Тым бағалы, ерекше көзге түсетін (салбыраңқы) сырға тағып, сақина салуға болмайды.
- 7.Оқушылар денесінің тазалығына, қолына, тырнағына (тырнақты өсіруге, бояуға тыйым салынады), тісіне, мұрнына ұқыпты қарауы тиіс.
- 8.Мектепке кірген кезде аяқ киімін сүртіп, сыртқы киімдерін киім шешетін арнайы орынға ілуі қажет. Мектеп ішінде сырт киіммен жүруге тыйым салынады (Киім қалтасында қалған құнды заттарға (ақша, бағалы бұйым, ұялы телефон) мектеп жауапты емес).
- 9.Оқушылардың сыртқы келбетін мұғалімдер мен оқушылар қадағалап, ескерту жасауға құқылы.

Мектеп жарғысы



Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы



Мектепшілік қамқорлық кеңес отырысының №1 хаттамасы

27.08.2021 ж.

Қатысқан: ата-ана, мектеп әкімшілігі, ұстаздар.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің тізімін бекіту. Төрайымын сайлау
2. Жұмыс жоспары бағыттарын құрастыру
3. Жаңа оқу жылының ерекшелігін мен мақсатын анықтау
4. «Мектепке жол» акциясына қатысу
5. Мектептің оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруда барысында санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерді сақтау
6. Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

Алтыншы сұрақ бойынша директордың тәрбие ісінің орынбасары Қайдарова Лаура Сартаевна тыңдалды. Лаура Сартаевна Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» №26 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 ақпанда №13085 болып тіркелді) таныстырды.

Шешім: міндетті мектеп формасын енгізу:

Ұлдардың мектеп формасы қара-көк түсті пиджак, шалбар, ақ жейде, тоқылған жасыл жилет. Шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы керек.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, юбка, шалбар, ақ блузка, тоқылған жасыл жилет. Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы керек. Юбканың ұзындығы тізеден түсіп тұруы қажет. Сонымен қатар, мектеп формасына мектептің ерекшелік белгілері: эмблема салып, галстук тағу керек. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатасты киім элементтерін қосуға болмайды.

Қамқорлық кеңес төрайымы: Исамбаева Г.Г.

Хатшысы: Айкенова Г.М.

Мектеп формасы



Мектеп формасына салынатын ерекшелік белгі - галстук, эмблема

